

## Көшеге қайта атая беру туралы

Бірлескен Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 647 қаулысы және Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 қарашадағы № 31/179-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 қарашада № 4781 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрлысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 5-1) тармақшасына сәйкес, халық пікірін ескере отырып және Түркістан облысы ономастика комиссиясының 2018 жылғы 18 қыркүйектегі қортындысы негізінде, аудан әкімі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ленгер қаласындағы "Бірлік 1" және "Бірлік 2" көшеге - Әбдікәрім Бектайұлы атаяу берілсін;

2. "Төлеби аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіpte:

1) осы бірлескен әкімдіктің қаулысы мен мәслихаттың шешімін аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен әкімдіктің қаулысы мен мәслихаттың шешімін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен әкімдіктің қаулысы мен мәслихаттың шешімін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Төлеби ауданының аумағында тарапатын мерзімді басылымдарға жіберуді;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы бірлескен әкімдіктің қаулысы мен мәслихаттың шешімін Төлеби аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен Төлеби ауданы әкімдігінің қаулысы мен Төлеби аудандық мәслихатының шешімінің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бірлескен Төлеби ауданы әкімдігінің қаулысы мен Төлеби аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қүнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төлеби ауданының әкімі

Б.Омарбеков

Аудандық мәслихат

сессиясының төрагасы

Қ.Қансейітов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК